АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА ӨНДІРІСТІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН КЕҢЕЙТУ – ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМДЫ ДАЙЫНДАУ, СЫНАҚТАН ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ БАҒЫТТАРЫН ҚАМТИТЫН БІРТҰТАС ТЕМІРЖОЛ КЛАСТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ. СОНЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ – АТЫРАУ ВАГОН ЖАСАУ ЗАУЫТЫ. КӘСІПОРЫН СЕРИЯЛЫҚ ӨНДІРІСТІ ЖОЛҒА ҚОЙЫП, ӨНІМ ТҮРЛЕРІН КӨБЕЙТІП, СЫРТҚЫ НАРЫҚҚА ШЫҒЫП ЖАТЫР. БҰЛ БІЗДІҢ ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС БАР ЕКЕНІН КӨРСЕТЕДІ.

Болат АҚШОЛАҚОВ,
Атырау облысының әкімі



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

№90 (3237)
13/11/2026

СДЕЛАНО В КАЗАХСТАНЕ: ВАГОНЫ STADLER ВЫШЛИ НА ЛИНИЮ

11 ноября с вокзала «Нұрлы жол» отправился первый поезд, сформированный из пассажирских вагонов Stadler казахстанского производства. Запуск состава стал важным этапом обновления пассажирского парка и развития отечественного машиностроения.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Перед отправлением участники торжественной церемонии ознакомились с новыми вагонами, их техническим оснащением и условиями для пассажиров. Особенным моментом стало вручение памятного подарка первой пассажирке нового состава.

– Сегодня мы принимаем участие в значимом для железнодорожной отрасли событии. Запуск новых пассажирских вагонов Stadler, произведенных в Казахстане, – это не только обновление подвижного состава, но и развитие отечественной промышленности, создание рабочих мест, внедрение современных технологий и повышение квалификации наших специалистов. Уверен, пассажиры по достоинству оценят новые условия поездки. При этом сегодняшнее событие – лишь начало большой работы по обновлению пассажирского парка, – отметил вице-министр транспорта Республики Казахстан Жанибек Тайжанов.



За запуском новых вагонов стоит несколько лет последовательной работы. История сотрудничества Казахстана со швейцарской компанией Stadler началась в 2021 году с подписания соглашения о стратегическом партнерстве. В 2023 году в Астане приступили к модернизации производственной площадки, а в 2025-м предприятие начало серийный выпуск пассажирских вагонов.

Заместитель председателя правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Ануар Ахметжанов отметил, что запуск нового состава стал закономерным результатом реализации масштабного проекта, объединившего государство, национального перевозчика и международного партнера.

– В июне прошлого года Глава государства лично посетил завод Stadler Kazakhstan, где ему было представлено производство современных пассажирских вагонов. И сегодня эти вагоны уже начинают перевозить наших пассажиров. Для людей это прежде всего новый уровень комфорта и безопасности. Предусмотрены и необходимые условия для пассажиров с ограниченной мобильностью. Наша задача – сделать так, чтобы результаты этой работы почувствовал каждый пассажир, – подчеркнул Ануар Ахметжанов.

(Окончание на 3-й стр.)
Фото Людмилы ШИКЕРА



УГОЛЬ СЛЕДУЕТ ПО ГРАФИКУ

За январь – октябрь 2026 года объем перевозок угля железнодорожным транспортом в Казахстане составил 86,7 миллиона тонн. Это на 1% больше, чем за аналогичный период прошлого года.

В структуре перевозок 28 миллионов тонн пришлось на экспортные направления. Этот показатель сохранился на уровне прошлого года. Внутренние перевозки составили 58,6 миллиона тонн, увеличившись на 2%. Из них 54,5 миллиона тонн угля доставлено на теплоэлектроцентрали, еще 4,1 миллиона тонн направлено на обеспечение коммунально-бытовых потребностей населения.

Особое внимание уделяется своевременному обеспечению топливом объектов энергетики и коммунального сектора в преддверии и в период отопительного сезона. Так, с мая по октябрь 2026 года по стране перевезено 35 миллионов тонн угля, что соответствует уровню аналогичного периода прошлого года. В том числе 32 миллиона тонн доставлено на ТЭЦ, три миллиона тонн – для коммунально-бытовых нужд.

Для организации бесперебойной транспортировки угля АО «Қазтеміртранс» задействует парк, насчитывающий 29 тысяч полувагонов. Имеющийся подвижной состав позволяет в полном объеме обеспечивать потребности в перевозке этого вида топлива.

Айлин БАУРЖАН



Анар МАУБИЕВА,
начальник сектора организации технологического процесса вокзального комплекса «Нұрлы жол»:

ЗА 10 МЕСЯЦЕВ 2026 ГОДА ВОКЗАЛЬНЫЙ КОМПЛЕКС «НҰРЛЫ ЖОЛ» ОБСЛУЖИЛ БОЛЕЕ ДВУХ МИЛЛИОНОВ ПАССАЖИРОВ, В ТОМ ЧИСЛЕ 250 ОРГАНИЗОВАННЫХ ГРУПП, СРЕДИ КОТОРЫХ 4 350 ДЕТЕЙ. ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ УДЕЛЯЕТСЯ ПАССАЖИРАМ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ И МАЛОМОБИЛЬНЫМ ГРУППАМ НАСЕЛЕНИЯ: С НАЧАЛА ГОДА ПОМОЩЬ И СОПРОВОЖДЕНИЕ ПОЛУЧИЛИ БОЛЕЕ 7 300 ЧЕЛОВЕК

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ БОЙЫНША БИЫЛ

572,7 км

ЖОЛ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ.

ОСЫ ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН АЙЫНДА ҚТЖ-НЫҢ ЛОКОМОТИВ ПАРКІ

14

ЖАҢА ЛОКОМОТИВПЕН ТОЛЫҚТЫ.

БИЫЛ ОН АЙДА «НҰРЛЫ ЖОЛ» ВОКЗАЛЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ

2 млн

АСТАМ ЖОЛАУШЫ ЖҮГІНГЕН.

Назардағы нысан

АРДАГЕРЛЕР ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫНДА

Еліміздегі ірі стратегиялық жобалардың бірі – «Бақты-Аягөз» теміржол желісінің құрылысы сала ардагерлерінің де назарында тұр. Жуырда «Қазақстанның Еңбек Ері», Құрметті теміржолшы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Консультативтік кеңесінің мүшесі Қалтай Сәмбетов, Семей темір жолының ардагерлер ұйымының төрағасы, Құрметті теміржолшы Қырықбай Әлсейітов Аягөз бен Бақты аралығындағы құрылыс учаскелерінде болып қайтты.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Республикамыздағы айтулы жобаларға қатысқан, тәжірибесі мол, қадірменді ардагерлер құрылыс жұмыстарының жай-күйіне қанығып, арнайы түрде танысты. Қазіргі уақытта жер төсемінің 93 пайызы орындалған. Сонымен қатар жекелеген учаскелер бойынша инженерлік құрылыстар салу және теміржолдың жоғарғы құрылымын төсеу жұмыстары жалғасуда.

Бас мердігер компания өкілдерінің айтуынша, жұмыстар түнгі ауысымда да бірнеше учаскеде қатар жүргізілуде. Биылғы жылдың соңына дейін 70 шақырым бекітпесіз рельс-шпал торын төсеу жоспарланған болатын. Қазіргі күні шамамен тек үш шақырымы ғана қалып тұр. Желтоқсанның 20-на дейін аяқталмақ.

Топ өкілдері алғашқы болып Аягөз-2 станциясында аялдады. Сонымен қатар Шынқожа, Ай, Шолпан аумақтарындағы теміржол өткелдері мен көпірлерінің құрылысын да қарады. Болашақ Үржар, Мақаншы станцияларындағы теміржол төсемі де назарға алынды. Ортақ талқылау барысында ұсыныс-пікірлер де айтылды. Ардагерлер құрылыс нысандарының сапасы мен мерзімінде аяқталуына ерекше көңіл бөлді. Бұл ретте телім бойындағы салынуы тиіс 19 мал өткізу көпірінің 12-і аяқталыпты. Қалған жетеуінде жұмыс жүріп жатыр. Сол тәрізді жобада белгіленген 267 су өткізу құбырларының 245-і салынған. Әйтсе де, желі бойының әр тұсынан көпірлер салуда әлі де атқарылар жұмыстар бар.

Ардагерлер құрылыс басында еңбек етіп жүрген жергілікті тұрғындармен де сөйлесті. Көпшілігінің техникалық мамандығы бар екен. Олар кәсіптік қайта даярлаудан өткен соң жаңадан ашылатын телім бойына жұмысқа тұруға ниетті екендіктерін жеткізді. Жалпы, телім бойында атқарылған іс аз емес. Әйтсе де, әлі де күш салып, ширата түсу қажет мәселелер бар.

– Ұзындығы 12 шақырым болатын болашақ Бақты станциясының құрылысына басымдық беру қажет. Құрылыс қарқынымен қатар, жұмыстардың сапасы және белгіленген мерзімнің сақталуы да маңызды. Біз, теміржолшы ардагерлер де, осы маңызды жобаның уақытында аяқталуына мүдделіміз, – дей келе Құрметті теміржолшы Қырықбай Әлсейітов, мердігер компания өкілдеріне сын-ескертпелерін де жеткізді.

Ардагерлер жаңа желінің бойын, әр құрылысты, жұмсалатын материалдарды мұқият қарап шықты. Сапасына көз жеткізді. Қазақстан темір жолындағы көптеген ірі жобаларды жүзеге асыруда тәжірибесі мол Қалтай Сәмбетұлы салынуы тиіс жекелеген нысандарға да назар аударды. Атап айтқанда, теміржолшылар үшін жайлы баспана, вахталық тұрғын үй тұрғызуда есептен жаңылмау қажеттігін айтты. Осы орайда Үржар және Мақаншы аудандары әкімдерімен кездесулер өткізіп, бірқатар мәселелер ортақ талқыға салынды. Жоспар бойынша келер жылдың соңында пайдалануға берілетін жаңа телім бойына жұмыс күші, мамандар әзірлеу қажет. Бұл мәселе жергілікті атқарушы билік өкілдерімен бірлесе шешілетін болады.

Суретті түсірген автор

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫНЫҢ АЛДЫН АЛДЫ

2026 жылдың басынан бері ҚТЖ локомотив бригадаларының кәсібилігі мен қырағылығының арқасында теміржол өткелдерінде болуы ықтимал 63 жол-көлік оқиғасының алды алынды.

Барлық жағдайда жол-көлік оқиғасына (ЖКО) жол қозғалысы ережелерін бұзған автокөлік жүргізушілері себеп болуы мүмкін еді. Олар жақындап келе жатқан пойыздың алдынан теміржолға шығып, өткелдегі дабыл беру құрылғыларының сигналдарын елемеген. Соқтығысудың алдын алу үшін машинистер шұғыл тежеу әдісін қолданған. Мұндай жағдайлардың ең көбі маусым және шілде айларында тіркелсе, мамырда 8 оқиға болған. Қараша айының өзінде үш жол-көлік оқиғасының алды алынды.

Мәселен, 11 қарашада Шығанақ – Шу учаскесіндегі Жиделі – Берлік реттелетін, бірақ күзетілмейтін өткелінде жүк пойызының машинисі шұғыл тежеу қолданған. Сағатына 46 шақырым жылдамдықпен келе жатқан ол, темір жолға тіркемесі бар КамАЗ жүк көлігінің шығып кеткенін байқап, соқтығысудың алдын алды. Жүк көлігінің жүргізушісі оқиға орнынан кетіп қалған. Өткелдегі дабыл беру жүйесі штаттық режимде жұмыс істеген. Шұғыл тежеу салдарынан пойыз 10 минутқа кідірді.

ҚТЖ мамандары автокөлік жүргізушілерін темір жолдарды кесіп өту кезінде жол қозғалысы ережелері мен өткелдегі дабыл сигналдарының талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

Ислам ТАЛҒАТ

БАТЫСТАН ШЫҒЫСҚА ЖАҢА ВАГОНДАРМЕН...

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

10 қараша күні таңғы сағат 7.03-те жаңғыртылған Маңғыстау вокзалынан «Маңғыстау-Семей» бағытындағы №37/38 жолаушылар пойызы жап-жаңа вагондармен жолға шықты.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Жолаушылар тасымалы алға тартқан мәліметке сүйенсек, жолаушылар вагондары кезең-кезеңімен отандық заманауи вагондарға ауыстырылмақ. Вагон паркін жаңғырту бағдарламасы аясында батыс өңіріне биыл 71 жаңа жолаушылар вагоны жеткізіліпті. Қазір еліміздің батыс және шығысын байланыстыратын «Маңғыстау-Семей» бағытындағы жолаушылар жылжымалы құрамына ауқымды жаңарту жүргізілуде. Мұндай вагондар түбек теміржолының шығысқа қатынайтын бағытынан бөлек Маңғыстау – Ақтөбе жолсапарына да қосылып отыр.

– Қазір біздің жолаушылар тасымалына қолданысқа енгізіліп жатқан жаңа «45» сериялы вагондар «RWS Wagon» зауытында қауіпсіздіктің, энергия тиімділігінің және жайлылықтың талаптарына сәйкес құрастырылып шығарылған. Бұл вагондардағы басты артықшылықтың бірі ретінде, алдымен жолаушыларға өте ыңғайлы екенін атар едік. Аудио ақпараттандыру және жарықтандыру, ауыстыратын үстелдер, жеке сейфтер қарастырылған. Мүмкіндігі шектеулі жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін көтергіш механизмімен арнайы вагондар да бар. Жалпы, жаңа вагондар гипоаллергенді материалдармен әрленіп, тозуға төзімді материалдардан жасалған. Климатты бақылау және ауаны дезинфекциялау жүйелері жұмыс істейді. Жиналмалы ұйықтайтын орындар, бөбек жөргектейтін үстелдер, USB порттары мен 220 вольттық электр розеткалары, Wi-Fi, жуынатын душымен биодәретханалар және заманауи жылу оқшаулау жүйесімен жабдықталған. Бәрі де жол бойына жолаушыға жағымды атмосфера қалыптастырып, жолаушы тасымалының қызмет сапасын арттыру мақсатында істелінген, – дейді Батыс аймақтық жолаушылар тасымалы Маңғыстау телімінің бастығы Мырзабек Сүйінғарин.

Оның айтуынша, Маңғыстау – Семей бағытына су жаңа 39 вагон, яғни үш құрама қатынайтын болады. Әр құрамдағы 13 вагонның ішінде 6 купе мен 6 плацкарт, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған бір



вагон және вагон-мейрамхана бар. Ал Маңғыстау – Ақтөбе бағытына 11 вагоннан үш құрам дайындалып отыр. Бұл вагондарда қауіпсіздік мақсатында бейнебақылау құрылғылары, өрт сөндіру жүйелері, жылдың кез келген уақытында жайлылықты қамтамасыз ететін орталық ауа баптау жүйесімен қамтамасыз етілген.

Суретті түсірген автор

КТ
rail-news.kz
№90 (3237) 13/11/2026

ТАРИФТІК САЯСАТ ҚАБЫЛДАНДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана

КОНФЕРЕНЦИЯ

Ташкентте «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС тарифтік саясат департаментінің төрағалығымен ТМД елдері теміржол әкімшіліктерінің XXXV Тарифтік конференциясы өтті.

Конференцияға Әзербайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан теміржол әкімшіліктерінің өкілдері, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы елдер теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің дирекциялары қатысты.

Қатысушылар халықаралық жүк тасымалы кезінде тарифтік шарттарды қолдану бойынша теміржол әкімшіліктерінің ұсыныстарын қарап, тарифтік реттеудің практикалық мәселелерін талқылады және тәжірибе алмасты.

Тарифтік конференция қорытындысы бойынша ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің 2027 фрахталық жылға арналған халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдауға арналған тарифтік саясаты қабылданды. 2027 жылға арналған тарифтік саясат істерін басқару функциялары Қазақстан Республикасының теміржол әкімшілігіне жүктелген.

АДАЛ ЕҢБЕКПЕН КЕЛГЕН АБЫРОЙ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

МЕРЕЙ

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС Жамбыл филиалына қарасты Шу локомотив пайдалану депосының ұжымы қырық жылға жуық уақыт үздіксіз өз міндеттерін адал атқарып, қажырлы еңбектің үлгісін көрсеткен электровоз машинистері – Александр Назарчук пен Валерий Воробьевті, отыз жыл ұжымыс істеген Абай Құрамаевты құрметпен зейнетке шығарып салды.

Депо басшылығы атынан екі машинисті Құрмет грамоталармен марапаттап, шапан жауып, құрмет көрсетті. Әріптестері жылы лебіздерін жеткізіп, алғыстарын білдірді. Естелікке сыйлықтар тапсырып, білікті мамандардың еңбектегі қол жеткізген табыстары туралы әңгімеледі.

– 2022 жылы «Үздік маман» атанған Александр Григорьевич – 36, Виктор Иванович – 34 жыл, Абай Құрамаев 30 жылдан астам уақыт Шу локомотив пайдалану депосында үздіксіз жұмыс істеді. Үшеуі де электровоз машинистері. Өте тәжірибелі, нағыз өз ісінің мамандары. Қажырлы еңбектің үлгісін көрсете жүріп, ізбасар жастарды тәрбиеледі. Әріптестерімізге айтарымыз тек алғыс. Көп жылғы еңбектерінің зейнетін көрсін дейміз, – деді депо бастығының пайдалану жөніндегі орынбасары Мейірхан Орысбай.

ЖАҢА ВОКЗАЛДЫ АРАЛАДЫ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

ЖИЫН

Түбек теміржолының зейнеткерлері жаңғыртудан өткен «Маңғыстау» вокзалында кездесті. «ҚТЖ» ҰК» АҚ ардагерлер кеңесінің аймақтағы төрағасы Үсен Имашов ұйымдастырған басқосуда зейнеткерлер жаңа вокзал ғимаратын аралап көру мүмкіндігіне ие болды.

Келбеті келіскен су жаңа нысандағы кездесуге он бес шақты ардагер қатысты. Жиынға Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі директоры Қарақат Жақанов, Маңғыстау жүк тасымалы филиалы директоры Ерназар Істұрғанов, Орталық кәсіподақтың өңірдегі өкілі Сәрсенбай Есенқұлов және Маңғыстау вокзалының бастығы Айгүл Әмірова мен вокзал ұжымы қатысты. Басшылық өкілдері түбек теміржолының түрлі саласында қызмет етіп, оның дамуына елеулі үлес қосқан ардагерлерге жылы лебізін арнап, мұндай жандардың еңбегі ескерусіз қалмайтынын тілге тиек етті.

Ардагер теміржолшылардың ішінде біраз жыл вокзал басшысы болып, ғұмырының көп жылын вокзал жұмысына арнаған Бақыт, тоқсанның төріне шыққан Зинеш, Тілектес апайлармен қатар вокзал шаруашылығында көп жыл еңбек еткен кассирлер мен кезекшілер, вагон, жол және байланыс салаларында жұмыс істеген зейнеткерлер болды.

– Ардагер теміржолшылар темір жолда болып жатқан жақсы жаңалық, әр жетістікке қуанып, кезінде өздері қызмет етіп, бүкіл өмірін арнаған шаруашылық жұмысын бүгінгі ұрпақтың қалай атқарып жүргеніне бейжай қарай алмайды. Қашанда жақсылыққа тілеулес. Бүгін біз Маңғыстау станциясындағы жаңа вокзалымызды көрсетіп, қарияларымызды қуантып, Республика күніне арналған мерекелік марапаттарымызды табыстадық. Оларға «Құрметті ардагер теміржолшы» төсбелгісі, Орталық ардагерлер кеңесінің, облыс әкімінің Алғыс хаты мен магистральдық желі бөлімшесі директорының Құрмет грамотасын табыстадық, – дейді аймақтық ардагерлер кеңесінің төрағасы Үсен Имашов.

ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІН ҰСЫНДЫ

Алматыда «Объектілердің өрт қауіпсіздігін болжамды жобалау: өзекті сын-қатерлер мен жүйелі шешімдер» атты халықаралық ғылыми-практикалық симпозиум болып өтті. Іс-шараны Қазақстан Республикасының Ұлттық жобалаушылар қауымдастығы ұйымдастырды.



Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Алматы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Көпфункционалды қызмет көрсету орталығы» филиалы Төтенше жағдайлар департаменті директорының міндетін атқарушы Бақытжан Ділімбетов теміржол инфрақұрылымы мен жылжымалы құрам объектілерін жобалау, салу және жаңғырту кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілдерін ұсынды.

Өз баяндамасында ол өрт қауіпсіздігі талаптарын объектілердің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде – жобалаудан бастап пайдалануға және жаңартуға дейін ескеру қажет екенін атап өтті.

Станцияларға, вокзалдарға, деполарға, тартқыш қосалқы станцияларға, белгі беру және байланыс нысандарына, сондай-ақ жылжымалы құрамға ерекше назар аударылады. Мұндай объектілердегі өрт тек жолаушылар мен қызметкерлер үшін ғана емес, сонымен қатар пойыздардың үздіксіз жүруі, жүктерді жеткізу және теміржол учаскелерінің жұмысы үшін де қауіп төндіреді.

Жобалау және жаңарту кезінде жабдықтың техникалық жағдайын, инфрақұрылымның тозу дәрежесін, адами факторды және пайдалану жүктемелерін ескеру қажет. Негізгі шаралар қатарына өртті ерте анықтау, автоматты өрт сөндіру, хабарлау және эвакуациялау жүйелерін енгізу жатады.

Қазіргі жылжымалы құрамның өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптар жеке қаралды. Жолаушылар вагондары мен локомотивтердегі тәуекелдерді бағалау кезінде олардың конструктивтік ерекшеліктерін, пайдаланылатын материалдар мен электр жабдықтарын ескеру қажет. Жаңғырту кезінде жеке жүйелерді жаңартып қана қоймай, олардың үйлесімді жұмысын қамтамасыз ету маңызды.

Болашақ шешімдердің ішінде Бақытжан Ділімбетов ақаулықтарды болжау үшін цифрлық егіздерді, интеллектуалды мониторинг жүйелерін, автоматтандырылған диагностика мен жасанды интеллектті қолдануды атап өтті. Бұл технологияларды пайдалану ықтимал қауіптерді алдын ала анықтауға және жоспарлы бақылаудан болжамды қызмет көрсетуге көшуге мүмкіндік береді.

Сөз қорытындысы бойынша өрт қауіпсіздігі теміржол саласын басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болуы тиістігі атап өтілді. Бұл тәсіл инфрақұрылым сенімділігін арттыруға, адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауға және тасымалдау процесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Симпозиум бағдарламасында тарихи тақырып ерекше орын алды. Профессор Руслан Жұмағалиев 1989 жылы 20 мамырда Алматы-2 станциясындағы ірі өртті жоюға қатысқан өрт сөндірушілердің ерлігі мен жанқиярлығына арналған авторлық портретті сыйға тартты. Қайғылы оқиға тоғыз өрт сөндіру қызметкерінің өмірін қиды, көптеген адамдар зардап шекті, оның ішінде 39 бала да бар. Картина ҚТЖ Орталық мұражайы экспозициясының бір бөлігіне айналады және өз өмірінің бағасымен отпен күрескендердің ерлігін еске салады.

ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ АҚАУСЫЗ ЖҰМЫСЫ БАҚЫЛАУДА

АЙМАҚ

Қызылорда сигнализация және байланыс дистанциясының ұжымы жыл басынан бері өндірістік жұмыс барысында апатты жағдайға, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуына жол бермей, жоспарлы жұмыстарды толық орындады.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Теміржол көлігі – үзілмейтін үздіксіз қозғалыстың, миллиондаған жолаушы мен жүктің қауіпсіздігіне кепілдік беретін сенімді көлік түрі. Бұл жүйенің миы мен жүйке жүйесі іспетті СОБ құрылғылары мен байланыс нысандарының әрбір сымы, әрбір релесі – теміржолшы үшін қымбат дүние. Сыр бойы магистралінің тыныс-тіршілігін қалт жібермей бақылап отырған Қызылорда сигнализация және байланыс дистанциясының ұжымы үшін 2026 жылдың қазан айы мен жыл басынан бергі кезең кәсібилік пен ұстамдылықтың, төтенше жағдайларда жедел шешім қабылдай білудің тағы бір сынағы болды.

Қауіпсіздікті басты бағдар етіп ұстанатын дистанция шеңберіндегі қажырлы еңбектің нәтижесі ең алдымен пойыздар қозғалысының қауіпсіздігімен өлшенеді. Қазан айында атқарылған жұмыстарға көз жүгіртсек, дистанция қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігінің арқасында пойыздық және маневрлік жұмыстар барысында ешқандай апатқа, оқиға мен инцидентке жол берілген жоқ. Құрылғылардың қалтқысыз жұмысы – күн сайын түн ұйқысын төрт бөліп, техника тілін жетік меңгерген мамандардың маңдай терінің өтеуі.

Өткен жылғы кезеңмен салыстырғанда СОБ құрылғыларының жұмысындағы істен шығу жағдайлары азайып, яғни 2-ден 1 жағдайға дейін төмендеуі бұл бағыттағы профилактикалық шаралардың өз нәтижесін беріп жатқанын аңғартады. Дегенмен, теміржол саласындағы талап қашанда қатал.

Өндірістік жұмыс болғасын тәлімді тәжірибе мен төзімді сын тезіне салатын сәттер де кездесіп тұрады. Мәселен, ағымдағы жылдың 18 қазанында Жетітөбе станциясында орын алған күрделі техникалық ақау сала мамандарының жеделдігін айқын көрсетті. Электромеханик бөлмесіндегі жабдықтың ішкі қысқа тұйықталуы салдарынан қоректендіру панеліндегі сақтандырғыш жанып кетіп, автоматтандырылған жұмыс орындарының мониторларында ақпарат уақытша үзілген болатын. Мұндай сәттерде секундтардың өзі маңызды. ШЧ-39 ұжымы дер кезінде уақытша сызбаны іске қосып, сақтандырғышты ауыстыру арқылы пойыздардың қауіпсіз



қабылдануын қамтамасыз етті. Сондай-ақ жыл басында Шиелі станциясы маңында қаскөйлердің сұқ қолмен магистральдық кабельді қасақана кесуі салдарынан туындаған қиындықтарда да теміржолшылар жедел әрекет етіп, байланыс пен қозғалыстың қалпына келуін қамтамасыз еткен еді.

Бұл жағдайлар дистанциялық теміржолшылардың кәсіби деңгейінің жоғары екенін, кез келген күрделі мәселенің шешімін таба білетін іскерлік қабілетін дәлелдей түседі. Саланың тұрақтылығы тек ақауды жоюмен шектелмейді. Ақауды болдырмау үшін тәулік бойы байланыс құрылғыларын көзден таса қылмайтын олар қазан айында дистанция бойынша ауқымды техникалық жұмыстар атқарып, пойыздардың кідіріссіз өткізілуін қамтамасыз ете білген. Мысалы, Талап және Шиелі станцияларындағы релелер мен электржетектер жаңартылған. Қызылорда станциясында шығу бағдаршамы жаңа ординатқа көшіріліп, монтаж жұмыстары жүргізілген. Анакөл – Шорнақ учаскесінде АСДЦ құрылғыларына сервистік қызмет көрсетілген.

Алайда, атқарылар жұмыстар әлі де аз емес. Техникалық жабдықтардың тозуы, әсіресе ұзақ жылдар бойы қызмет етіп келе жатқан кабель желілері мен ескі үлгідегі элементтер ерекше назарды талап етеді. Осы орайда, алдағы кезеңге арналған міндеттер де айқын, барлық электр құрылғылары мен розеткалардың қызу деңгейін пирометрмен қатаң тексеру, қысқы маусымға дайындық ретінде жылыту жүйелерін қосу және кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыруға арналған жоспардан тыс техникалық сабақтарды ұйымдастыру басты назарда тұр.

– Теміржол – кездейсоқтықты кешірмейтін, қатаң тәртіп пен темірдей төзімді талап ететін сала. Біздің аға электрмеханиктер Базархан Сақбаев, Батырбек Ақбергенов, Бахытжан Рзаев, Дәулет Қосымов, телім басшылары Еркін Оңалов пен Руслан Ермаханов, электрмеханиктер Мақсат Аханов, Ғалымжан Қаражанов және Құдайберген Мубарак секілді әрбір электрмеханигіміз, әрбір маманымыз өз жұмысының артында мыңдаған адамның тағдыры, жолаушылардың қауіпсіздігі тұрғанын жақсы түсінеді. Дистанция теміржолшыларының кәсіби талаптардың биігінен көріне білуі – олардың өз ісіне деген адалдығы мен өңірлік магистральдың дамуына қосқан өлшеусіз үлесі, – деп атап өтті Қызылорда сигнализация және байланыс дистанциясының бастығы Әбдірахман Сырғабаев.

Суретті түсірген автор

КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ ЖҮКТІҢ САҚТАЛУЫНА МҮДДЕЛІ

КӘСІПОРЫН ТЫНЫСЫ

«Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС теміржол көлігімен тасымалданатын жүктердің, сондай-ақ Қазақстан теміржол инфрақұрылымына тиесілі стратегиялық және тұрақты нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ірі әрі көпсалалы күзет ұйымы.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Ұйымда салауатты өмір салтын насихаттауға, қызметкерлердің дене шынықтыру дайындығы мен рухани төзімділігін қалыптастыруға ерекше мән беріліп отыр. Оң нәтиже де жоқ емес. Олай дейтініміз, филиалдар мен орталық аппараттың қызметкерлері апта сайын дене шынықтырумен айналысып, футбол, үстел теннисі, волейбол, жеңіл атлетика, гір тасын көтеру, баскетбол және шахмат секілді спорт түрлері бойынша республикалық, өңірлік және қалалық жарыстар мен бұқаралық спорттық іс-шараларға белсенді қатысып келеді. Кәсіпорында қызметкерлердің жайлылығы мен күнделікті жұмыста өздерін қолайлы сезінуіне басымдық берілген. Мәселен, бірыңғай корпоративтік стильді қалыптастыру мақсатында «ӘТЖК» ЖШС күзет қызметкерлеріне арналған жазғы және қысқы жаңа үлгідегі формалық киімдерді әзірлеп, жаңартты. Жаңа формалық киім үлгісін жасау барысында ұйымның қызмет ерекшелігі мен корпоративтік болмысын айқындайтын фирмалық логотип пен айрықша белгілерге ерекше назар аударылды. Бүгінде жазғы және қысқы формалық киімдер толықтай дайындалып, күзет қызметкерлеріне таратылып берілген. Нәтижесінде барлық қызметкерге ортақ бірыңғай сыртқы келбет қалыптасып, ол ұйымның корпоративтік бірегейлігін, кәсібилігі мен мәртебесін айшықтай түсті.

Атқыштар командалары жоғары өтімділігімен ерекшеленетін автокөліктермен толық қамтамасыз етілген. Бұл көліктер күзет қызметкерлерін қызмет атқаратын орындарына жеткізуге, сондай-ақ жедел әрекет ету мобильді топтарының күнделікті қызметтік міндеттерін орындауына арналған.

Күзет қызметкерлері кез келген ауа райы жағдайында жүктелген міндеттерді жоғары деңгейде әрі тиімді орындауға мүмкіндік беретін арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар атқыштар командаларының күзет қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында ұйымда қызметтік қаруды қолдану бойынша жүйелі түрде оқу-жаттығу сабақтары өткізіліп тұрады. Сабақ барысында қарумен жұмыс істеу тәртібі, оны қауіпсіз пайдалану қағидалары мен қызметтік міндеттерді орындау кезінде қолдану ережелері жан-жақты түсіндіріледі. «ӘТЖК» ЖШС Қазақстан аумағы арқылы өтетін халықаралық теміржол бағыттарындағы транзиттік контейнерлік пойыздар құрамындағы жүктердің күзетілуін қамтамасыз етуде.

№90 (3237) 13/11/2026

СДЕЛАНО В КАЗАХСТАНЕ: ВАГОНЫ STADLER ВЫШЛИ НА ЛИНИЮ

(Окончание. Начало на 1-й стр.)



Новые вагоны разработаны с учетом климатических особенностей Казахстана и рассчитаны на эксплуатацию при температуре от -50 до +45 градусов. Срок их службы составляет 40 лет. Купейные вагоны вмещают 40 пассажиров, плацкартные – 58. В каждом предусмотрены системы климат-контроля, индивидуальное освещение, розетки на 220 вольт, разъемы USB и USB-C, Wi-Fi, видеонаблюдение и специальные зоны для багажа. Для маломобильных граждан созданы условия, обеспечивающие более удобное передвижение и размещение. В состав поезда также включен вагон-буфет.

Как рассказал генеральный директор Stadler CIS AG Александр Люфт, за короткое время совместными усилиями удалось модернизировать предприятие, запустить новые производственные участки и наладить выпуск вагонов.

– Для нас это особенный день. Первые пассажирские вагоны, произведенные на нашем заводе в Астане, выходят в эксплуатацию. Наши казахстанские специалисты и международная команда Stadler вложили в эту работу знания, опыт и большое внимание к деталям. Мы продолжим развивать производство и сервис, укреплять сотрудничество с местными поставщиками, – сказал Александр Люфт.

Производственная база Stadler Kazakhstan продолжает расширяться. По словам коммерческого директора ТОО «Штадлер Казахстан» Сергея Леонтьева, сегодня на предприятии работают более 700 человек против 97 на момент его приобретения. Площадь производственных помещений превышает 31 тысячу квадратных метров.

Здесь налажен полный цикл сборки вагонов, включая сварку и окраску кузовов, производство тележек и сборку электрических компонентов. Развивается и экспорт: в 2024 году первая партия электрических шкафов и модулей была отправлена в Азербайджан. В следующем году планируется открыть цех по сварке и окраске алюминия, создав более 100 новых рабочих мест.

Особенным моментом церемонии стало вручение памятного подарка одной из пассажирок нового поезда – жительнице Уральска Альфие Имангазиевой. Билет для нее заранее приобрел сын, который живет в Астане. Сама женщина призналась, что возможность отправиться в поездку на новых вагонах стала для нее приятной неожиданностью.

– Очень рада, даже не знаю, что сказать от волнения! Впервые отправляюсь в путь на таких вагонах. Приятно, что в Казахстане появляются современные и комфортные поезда. Хочется, чтобы таких хороших вагонов становилось больше, и пассажиры чаще могли путешествовать в подобных условиях. Пусть дорога будет счастливой! – поделилась Альфия Имангазиева.

Первый состав будет ежедневно курсировать по маршруту № 3/4 «Нұрлы жол – Алматы-2». Из Астаны поезд отправляется в 13:10, прибытие в Алматы предусмотрено на 08:30 следующего дня.

На сегодняшний день АО «Пассажирские перевозки» приняло более 100 вагонов Stadler. Контракт предусматривает поэтапную поставку 557 пассажирских вагонов до 2030 года с последующим сервисным обслуживанием. Следующий состав из новых вагонов выйдет на маршрут «Нұрлы жол – Семей» 13 ноября.

Фото Александра ЖАБЧУКА

Семинар

ҚТЖ КАК АМБАССАДОР СЕМЕЙНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

В АО «НК «Қазақстан темір жолы» впервые в истории компании при участии ЮНФПА (Фонд ООН в области народонаселения) организован масштабный семинар «Работа и семья: забота о сотрудниках в ежедневной практике НЖС».

Асель ШАЙХЫНОВА,
Алматы

